

памятники: мат-лы межд. науч. конф. (г. Алматы, 5 декабря 2014 г.). – Алматы, 2014. – С. 367-369.

Аннотация: Рассмотрены вопросы возвращения казахской диаспоры на историческую родину и особенности месторасположения и условий жизни казахов Китая. Речь идет о темпах роста и состоянии развития казахов Китая с точки зрения демографии. Проанализированы результаты переписи населения прошлого и настоящего. Основная актуальность статьи заключалась в исследовании места, занимаемого казахами в Китае.

Ключевые слова: китайские казахи, диаспора, китайская политика, ирреденты, автономия, профессия.

Annotation: Studies of the return of the Kazakh diaspora abroad to their historical homeland and the peculiarities of the location and living conditions of the Kazakhs of China are considered. We are talking about the growth rate and the state of development of the Kazakhs of China from the point of view of the population. The issues of comparing the results of the population census of the past with the current level are considered. The main relevance of the article was the differentiation of the place occupied by Kazakhs in China.

Keywords: Chinese Kazakhs, diaspora, Chinese politics, irredentists, autonomies, professions.

Нәби Мақпура Дәулетқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ. Қазақстан; nabimakpura@mail.ru

Қазақ халқының дәстүрлі түйе шаруашылығы

Аннотация: Бұл мақалада қазақ халқының дәстүрлі түйе шаруашылығы туралы баяндалады. Түйе малының шығу тегі, таралу аймағы қарастырылады. Сонымен қатар түйелердің түрлері мен ерекшеліктері, түйеге байланысты атаулар мен

ырым - тыйымдар, түйе әбзелдері туралы жазылған. Сондай – ақ түйе сүтінен жасалатын өнімдер туралы, түйенің боталау мерзімдері туралы ақпарат беріледі. Будандастыру арқылы түйенің қандай дарақтары пайда болғаны, шаруашылықта қандай түрі пайдаланылатыны туралы. Сонымен қатар түйені қай уақытта қалай шақыратындығы, түйелердің бір-бірінен айырмашылығы туралы жазылған.

Кілт сөздер: түйе, інген, нар, бура, түйе түрлері, шақыру, беріш, будандастыру.

Жалпы адамдар тіршілікте алдымен – ит содан соң жылқыны, бірте-бірте басқа да жануарларды үйрете бастаған. Ең соңғы болып түйені үйретті. Түйе Орта Азия мен Қазақ жеріне арабтардан тараған делінетін. Ал Түркіменстан археологтарының Алтын Деңге қаласының маңындағы қазба жұмыстары нәтижесінде Египет – Вавилон мәдениетінен де бұрын болғанын, одан табылған түйе және есек сүйектері мен олардың жүк артылған саз мүсіндері қолға әуелі – түйе кейін келе есек, ит пен жылқы үйретілгенінен хабардар етеді. Түркістан қаласынан жиырма шақырым жерде Қосқорған елді мекенінен алып түйе сүйегі табылған. Бұл жерден алып түйе, жабайы есек пен жылқы жануарының сүйектері табылған. Ғалымдардың болжауынша «Қосқорғанның тарихы бұдан миллион жыл бұрын болған». Осындай археологиялық қазбалар нәтижесінде Сібір, Орта Азия және Қазақстан жерінен түйенің, пілдің, жылқының, бизонның сүйектері табылып, олар он мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған жылдар бұрын мекен етті деген жорамал жасалды. Африкадағы Сахарадан алғашқы жартасқа салынған тассильдік суреттер пайда болғанда, Еуропаның көп жерлерін мұз басып, Сібірдің тундрасынан мамонттарды кездестіруге болатын еді деген деректер де тараған. Жалпы, Сахарадағы өркениет Ніл алқабынан көптеген жылдар бұрын болған. Шамамен біздің заманымыздан төрт мың жыл бұрын Сахара жерінде малшылар мал баққан. Екі мың жылға созылған малшылықтан соң, жылқы бағу кезеңі басталған. Кейін келе жылқыдан түйе малына ауысқан. Бұл деректерден ұғатынымыз, түйенің отаны – Орта Азия мен Қазақстан, оны қолға уйреткен түркі-моңғолдар екені тарихи шындық. Мыңдаған керуен қазақ

даласын басып өтіп, түйенің арқасында сонау алыс елдерді жақындатқан «Ұлы Жібек жолы» деген тарихи-мәдени алыс-берістік тарихта өзіне лайықты орын алды. Жалпы, түйені Азия мен Африка тұрғындары көп тұтынған. Сондықтан сол дәуірлерде түйе малы қымбатқа бағаланып, ол дәулеттілердің ғана иелігіне өткен. Түйені баптап өсіре келе, одан жаңа тұқым алу кезеңі де дүниеге келді. Түркімен даласын мекен ететін «түс» пен қазақ даласында «біртума» деп аталатын бір өркешті түйеден ең мықты, неге де болса төзімді әрі жүндес «нар» деп аталатын «дромедар» мен «бактриан» будандасып шықса, Солтүстік Африка, Арабия, Оман арабтары түйелерді будандастыра отырып, олардан жүрдек әрі күшті «делиль», «мехари», «омания» секілді будан түйе тұқымын таратты [Бегманов, 2010, 283 б.].

Жасында жақсы бағылып, күтілген түйе қыстық азығын денесі мен өркешіне жияды. Қыста ұзақ шөп жемей, су ішпеген кездерінде сол бойындағы жинаған майымен күнелтетін де қасиеті бар. Күші жағынан ол ат пен өгізден әлдеқайда мықты. Қос өркешті түйе (інген) бірінші қаңтардан сәуірге дейін шағылысатын болса, нар түйе (мая) қаңтардың бірінен мамырға дейін шағылысады. Бураның күйі келен кезінде, бір айға дейін от оттап, су ішпей қағып, жарап алады. Ол әбден бабына келген соң аузынан ақ көбігін шашып, шайырланған желкесін иығына соғып, артқы екі санының арасын құйрығымен ерсілі-қарсылы сабалап, тыныш тапшайды. Мұндай бура кісіге қарай айбат шегеді. Ол кездері өте хауіпті болады. Осындай кісі алатын бура жарамастан он күн бұрын аузына темірден құрсау салып, байлап қойылады. Бұл салынған құрсау бураның шабыты қайтқан кезінде барып, аузынан алынып, байлауынан босатылып жіберіледі. Жақсы нар бурасы отыз түйеге дейін шегетін болса, қос өркешті түйенің бурасы жиырма түйеге дейін қайытады (шығарады) [Бегманов, 2010, 279 б.]. Қайылған қос өркештінің інгені он төрт айда боталайтын болса, нардың маясы он үш айда боталайды. Боталы түйе күніне он екі рет сауылады. Түйенің сүтінен шұбат ашытылады. Ол адамның денсаулығына бірден-бір пайдалы. Түйе жүні сәуір, мамыр айларында күзеледі. Түйе ботасын он бес, он сегіз ай емізеді. Екі жылда бірақ рет боталайды. Асыл тұқымды түйе отыз-қырық жасқа дейін

жасайды. Түйе ежелден шөлді-тұзды аймақтардың табиғат жағдайларына жақсы бейімделген, аптап ыстықтарда апта бойына сусыз тіршілік ете алатын бірден-бір түлік. Соған қарамастан оларды жазда күніне 2 рет, қыста 1 рет суару қажет, тұзды-кермек суды жақсы ішеді. Қолайсыз табиғат жағдайларында азық ретінде пайдалану үшін өркешіне артық май жиналады. Кеудесіндегі, табандарындағы, шынтағындағы, тізесіндегі қажау сүйелдерінің арқасында ыстық жерде, құмда жата алады. Түйенің тағы бір биологиялық ерекшелігі – қыста қолда бағуды, сапалы азықтандыруды және жылы қораны керек етпейді. Бірақ түйелер жүні қырқылған алғашқы аптада өкпек жел мен жоғары ылғалдылыққа төзімсіз, осы мезгілде олардың жауын-шашын мен суыққа ұрынбауын қамтамасыз ету керек [Терентьев, 1950, с. 94] Қос өркешті қазақ Түйелері дене бітімдерінің ерекшеліктері, ірілігі, өнімділігі бойынша 3 тұқымдық типке бөлінеді: оралбөкей, Қызылорда және оңтүстік Қазақстан түйелері. Орал-бөкей типінің басқаларынан тірідей салмағы мен жүн өнімділігі 5 – 10%-ға жоғары болғандықтан, асылдандыру жұмыстарында тұқым жақсартушы ретінде пайдаланылып келеді. Дара және қос өркешті Түйелерді бір-бірімен будандастырудан алынған будандар дене бітімінің беріктігі, ірілігі, қоршаған ортаның қолайсыз жағдайлары мен ауыр жұмысқа төзімділігі бойынша таза тұқымды түйеден айтарлықтай ерекшеленеді [Боголюбский, 1929, с. 49.] Тірідей салмағы бойынша артықшылығы 20 – 25%-ға дейін жетеді. Будандардың үлектерін нар, інгендерін мая деп атайды. Нарлар тек жұмыс күші мен өнім алу үшін пайдаланылып, жұптастыруға жіберілмейді. Тұраралық будандастыру тек таза қанды дара және қос өркешті Түйелер пайдаланылғанда ғана жақсы нәтиже беретіндігі, будандардың асыл тұқымды мал ретінде маңыздылығы жоқ екендігі ескерілуі қажет. Қолға қанша үйретілгенімен түп атасы жабайы болған соң, одан қалды адамның күнделікті оны жұмсауы, мінуі, жүк артуы, ұруы, айқай-шуы - бәрі де малды шаршатады. Сол себепті кейде асаулары қашып кетеді. Түйе малын шақыруға келсек, қораға, келеге, ботасына шақырғанда «кәус-кәус», «көс-көс», «қоңс-қоңм», «бот-бот» дейді. Тұзға шақырғанда «куай-куай» десе, суға шақырғанда «соррап-соррап», «әрей-әрей», «жәуіт-жәуіт»

дейді. Айдағанда, қайтарғанда «чу», «шу», «эт-шу», «эйт-чу», «эйт-шу», ал жүк арту үшін шегергенде «шөк-шөк», «чәк-чәе», «шүк- шүк», «чук-чук» дейді [Бегманов, 2010, 287 б.]. Түйедан шыққан өнімдер өте пайдалы болып келеді. Жыламық, балқаймақ, қымыран, шұбат, үзбен тайлақ, епіршік секілді өнімдер дайындалады. Бұл сусындардың көбісі қазір дйындалмайды. Дегенмен де қазіргі таңда да дайындалатын түрлері бар.

Жалпы, түйенің біз білетін-білмейтін түрлері өте көп. Айыр түйе бұл - екі өркештің арасы екі кісі еркін сиярлықтай, қос өркешінің үлкендігі біріне-бірі шамалас келетін таза тұқымды түйе. Айыр түйелер мекен ететін жеріне қарай қазақстандық, моңғолиялық, астрахандық, ортаазиялық болып жіктеледі. Бұлардың ішіндегі көп тарағаны - қазақстандық айыр өркешті түйелер. Бұл табиғатынан қос өркешті болып жаратылған соң, осы айыр қалпын өзгертпейді. Айыр түйе жүніне, күшіне қарай таза айыр, қоспақ, мырза қоспақ болып үшке бөлінеді. Таза айыр түйе өркешінің арасы алшақ әрі өркештері биік, жүні тығыз және түбітті, шудасы ұзын, көбінесе бойы аласалау болып келеді. Атанша дегеніміз - үш-төрт жастағы ақта етілген айыр түйе. Мініске, шаруашылыққа көп пайдаланып, ыстықта-суықта жіберілгендіктен күйі кеткен, қоңы тайған айыр атанды «азған атан» дейді. Ақбас бұл - ақ бас ауруымен ауырған не сол аурудан соң басына ақ қылшық шығып, сол себепті «ақбас» атанып кеткен айыр түйе. Қартайған адамның шашы секілді оның төбе түктері ағарып кетеді. Бесті атан - бес-алты жастағы ақта етілген айыр түйе. Будан атан деген дромедар мен бактриан тұқымдарын будандастыру арқылы алынған түйенің бір түрі. Бұл жұмысқа жалқау, реті келсе, тістейді. Дөнен атан - төрт жасқа толған, ақта етілген еркек түйе. Жампоз атан, ол да - ақта етілген бес жасқа толған түйе. Семіргенде қос өркеші тіп-тік болады. Жүріске жақсы, шудасы мол. Сол сияқты түйеге байланысты атаулар өте көп : айыр түйе, айыр бота, айыртайлақ, айыр қоспақ, айыр өркеш, айт шу, азран, атан, ала бас түйе, ала бас бура, ала түйе, алаша, ала бота, алабауыр, алмас өркеш, ала гүлік, ақшомшы, ақ кемік бота, ақ иық түйе, ақ бура, ақ мая, ақбас, түйе жоңышқа, ақ қаптал түйе, ақбота, ақ бас атан, ақінген, ақтайлақ, ақтүйесай,

ақтамақ, ақшелек, аруана бота, аруана, тайлак, байтайлақ тағы басқа да көптеген атаулар кездеседі [Бозымов, 1993, 194 б.].

Түйе шөгетіндіктен, жайлы орналасуы үшін оған таяныш болатын - аяқтары мен төсіндегі жер соғары. Түйе тұрғанда да төрт сирағының бүгіліс жігін жерге кезек-кезек тіреп тұрады. Осы бір таяныш жерлерінің терісі жерге соқтыға-соқтыға сүйкеле келіп, егеліп, тықырланып, беріш сияктанып қатыш қалады. Түйенің беріштеріне еш уақытта түк өспейді. Түйеде жалпы жеті беріш бар. Төс табанында - біреу, алдыңғы екі аяғында - екеу, артқы аяқтарында екі-екіден төртеу болады. Бұл түйені суық, сыз өтуден де сақтайды. Міне, осыны беріш дейді. Ал «шудас» деп көбіне қоспақ және айыр түйелердің өркеші мен желкесіне, төбесі, тізесі мен мойын астына шығатын ұзын әрі қылшықты жүнді айтады. Оның ұзындығы он сантиметрден отыз сантиметрге дейін жетеді. Таза айыр жампоз бураларда шуда молырақ және ұзынырақ келеді. Түйенің әбзелдері айыл, аруана, асмалдық, ашамай, ауыт, бауыр, киіз белдік, бауыр жіп, бұйда, бұрау, доғалық, білік, етек, жабазы, жабдық, жабу, жазылы, жазының жолдығы, жез бұйда, жан жіп, жондық секілді құрал-сайман әбзелдері бар. [Бозымов, 1993, 189 б.] Түйеде мұрындық болады. Түйе танаулары астындағы ет пен сүйек аралығын ала көлденең тесіп өткізетін, ұзындығы – толық бір сүйемдей, жуандығы – саусақтай, шынар, дүзген, жиде, қайың секілді ағаштардан арнайы жасалған істікті мұрындық дейміз. Осы ағаштардың бірінің аша айрығынан тұқыртып кесіп алады, бұл – мұрындықтың негізі.

Түйе түлігінің киелілігі және қасиеттілігімен қоса, табиғи-физиологиялық тұрғысынан алғанда, қазақтар, өзге халықтар секілді, оның өсіп-өнуіне де діни сеніммен, сиқырмен байланыстырған. Түйе түлігі негізінен ботасы 11-12 айға дейін көтеріп, 2 жыда бір ғана боталайды. Ежелден күні бүгінге дейін, дүние жүзі халықтары секілді, гомеопатиялық сиқырға сенген қазақтың аяғы ауыр әйелдері түйе етінен, шұбатынан бойларын аулақ ұстаған. Егер аяғы ауыр әйел байқамай түйе етін жеп қойса, онда ол да түйе секілді баласын 12 - ай көтереді деп сенген. Түйе етін жеп, шұбатын ішіп қойған кезде, аяғы ауыр әйелге босану уақытын жақындату үшін, түйе етін қайтадан асып не болмаса қуырып берген. Зороастризмнің көне жазбасы

Авестада да түйе өсіп-өнудін, ұрпақ өрбітудің негізгі күші ретінде бейнеленген. [Боголюбский, 1929, с. 38] Қазақтардың жерлеу салтында да түйенің өзіндік рөлі ерекше. Оған өлікті арту салты ежелден-ақ кең қолданылып келеді. Түйеге өлікті артудың да өзіндік дәстүрі бар. Қазақтар ер кісі өлсе атан түйеге, яғни түйенің аталығына, ал әйел кісі өлсе, сүйегін інгенге артқан. Өлік артатын түйенің құлағын жақсылап бітеп, аяқтарына "ақтық" байлайды. Түйе – төрт түлік ішіндегі тез еститін жануар. Қазақ ұғымынша, өлікті жерлеп, кабіршілер 10 қадам ұзасымен, Өзірейл келіп, марқұмнан жауап алады, қиналған өлік бар дауысымен бақырады, өлікті артқан бірінші түйе естиді екен. Сондықтан да өлік даусын естімесін, түйенің қасиеті қашпасын деген ырыммен оның құлағын бекітеді. [Ниязов, 1985, 96 б.] Түйе малын неге Ойсылқара деп атау себебіне келер болсақ. Ең алғаш түйе бакқан, түйенің атасы делінетін арабтан шыққан Уайсхара деген кісінің атымен байланысты болуы да мүмкін. Ал біздің қазақ айыр түйенің ең алғашқы бұрасын Ойсылқара деп атаған. Кей жерлерде осы түйенің атасын «каусылқазы» дейтіндер бар. Жаратылысынан бір өркешті, таза нәсілді, тықыр жүнді, суыққа шыдамсыз, өте сүтті, ыстыққа, шөлге төзімді келетін түйе тұқымы «аруана» деп аталады. Өзінің мекен ететін жеріне қарай азиялық, африкалық, араб аруанасы, иран аруанасы, пенджаб аруанасы, түрікмен аруанасы секілді мекен ететін жеріне қарай осындай атауларға ие. Ал біздегі аруана – түрікменнің аруанасы. Мұны кейде – «мая», біресе «нар» деп те жатады. Аруана шарын, бір өркешті, аяқтары ұзын, қос өркешті түйелерге қарағанда, жүні жұқалтаң келеді. Шудасы аз, тек мойнының үстіңгі жағында ғана болады. Бұлар жүні сирек болғандықтан, ыстыққа бейімделген. Суыққа шыдау мүмкіндігі аз.

Қортындылай келе түйе малы қазақ өмірінде маңызды түлік болғанын алға тартсақ болады. Қазақ халқы көшпелі өмір сүргендіктен түйе көшіп – қонуға өте қолайлы жануар болған. Ол өзінің ыстыққа, шөлге төзімділігімен сондай – ақ жүк көлігі ретінде өте қолайлылығымен ерекшеленеді. Қазақ халқы еті мен сүті әрі тағам, әрі шипалы дәру, жүні – киім, өзі сенімді көлік болған қасиетті жануарды төрт түліктің төресі санаған. Қазақ төрт түліктің төресі санаған түйені өсіруге шөлді және шөлейтті

аймақтар қолайлы болғандықтан, еліміз бойынша өсірілетін түйе басының 82% Маңғыстау, Атырау, Қызылорда және Түркістан облыстарында шоғырланған. Атап айтқанда, Маңғыстау облысында – 82 171 бас, Қызылорда облысында – 53 203, Атырау облысында – 35 024, Түркістан облысында – 34 673, Ақтөбе облысында – 19 665, Алматы облысында – 8 581, Жамбыл облысында – 7 932, Батыс Қазақстан облысында – 2 300 бас түйе бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

Бегманов Қ. Халқы мықтының салты мықты. – Алматы: Өлке, 2010. – 480 б.

Бозымов К. К. Жылқы және түйе шаруашылығы. – Алматы: Қайнар, 1993. – 240 б.

Боголюбский С.Н. Происхождение верблюдов. – Алмата: изд-во. общ-ва изучения Казахстана, 1929. – 49 с.

Ниязов А. Түйе – табысты түлік. – Алматы: Қайнар, 1985. – 96 б.

Терентьев С.М. Верблюд и уход за ними. – М.: Сельхозиздат, 1950. – 94 с.

Аннотация: В статье рассматривается верблюдоводство в традиционном хозяйстве казахского народа. Описаны виды и особенности верблюдов, имена и суеверия, связанные с верблюдом. Представлена информация о продуктах из верблюжьего молока, о сроках его приготовления.

Ключевые слова: верблюд, нар, верблюжий вид, призыв, бериш, гибридизация.

Annotation: This article tells about the traditional camel farming of the Kazakh people. The types and features of camels, names and superstitions associated with the camel, as well as the camel harness were also described. Information is also provided about camel milk products, about the timing of camel milk preparation.

Keywords: camel, nar, camel species, call, berish, hybridization.